

## Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

<b>Жинақ</b>	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
<b>ISBN</b>	978-601-262-638-4
<b>Секция</b>	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.I. Тұрақты даму жағдайында экономика, қаржы және менеджмент салаларының цифрлық трансформациясы / Цифровая трансформация сфер экономики, финансов и менеджмента в условиях устойчивого развития
<b>Жинақтағы рет нөмірі</b>	№ 008
<b>Мазмұндағы беті</b>	40
<b>Жарияланған беттері</b>	40-44
<b>Автор(лар)</b>	Бершқали Айымгүл Назарқызы
<b>Мақала атауы</b>	КРИПТОВАЛЮТАЛЫҚ БИРЖАЛАРДЫҢ АУДИТІНДЕГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ
<b>Мазмұндағы жазылуы</b>	Бершқали А.Н., Турдалиева Р.К. КРИПТОВАЛЮТАЛЫҚ БИРЖАЛАРДЫҢ АУДИТІНДЕГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

## **«КРИПТОВАЛЮТАЛЫҚ БИРЖАЛАРДЫҢ АУДИТІНДЕГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ»**

**Бершқали Айымгүл Назарқызы**

[ayyimgul05@mail.ru](mailto:ayyimgul05@mail.ru)

«Бизнес-процестерінің есебі, аудиті және талдауы» білім бағдарламасының 4 курс студенті  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, э.ғ.м., оқытушы – Турдалиева Р.К.

Мақалада криптовалюталық биржалардың аудитін жүргізудің ерекшеліктері мен өзекті мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында цифрлық активтердің айналымы мен сақталуына байланысты туындайтын негізгі тәуекелдер, қаржылық есептіліктің бұрмалану ықтималдығы және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері талданады. Криптовалюта нарығының қарқынды дамуы аудиттің дәстүрлі тәсілдерінің жеткіліксіздігін көрсетіп, жаңа әдістер мен құралдарды қолдану қажеттілігін айқындайды.

Сонымен қатар, мақалада халықаралық ұйымдардың, атап айтқанда FATF, IOSCO және Еуропалық Одақтың MiCA регламентінің талаптары қарастырылып, олардың криптовалюталық платформалардың ашықтығын арттырудағы және тәуекелдерді төмендетудегі рөлі бағаланады. Нақты мысалдар негізінде криптобиржалардағы ішкі бақылау жүйесінің әлсіздігі мен киберқауіпсіздік қатерлерінің салдары көрсетіледі.

Зерттеу нәтижелері криптовалюталық биржалар аудитінің тек қаржылық есептілікпен шектелмей, ақпараттық қауіпсіздік, тәуекелдерді басқару және халықаралық талаптарға сәйкестікті кешенді түрде бағалауды қамтуы тиіс екенін дәлелдейді. Мақалада ұсынылған

тұжырымдар цифрлық активтер нарығындағы сенімділікті арттыруға және аудит сапасын жетілдіруге бағытталған.

Соңғы жылдары цифрлық активтерге деген қызығушылықтың артуы криптовалюталық биржалардың қаржы жүйесіндегі орнын айтарлықтай кеңейтті. Бұл платформалар адамдарға электронды активтерді сатып алу, сату, айырбастау және сақтауға мүмкіндік береді. Алайда, олардың реттелу деңгейі дәстүрлі қаржылық ұйымдарға қарағанда әлдеқайда әлсіз болғандықтан, аудит жүргізу барысында көптеген жаңа тәуекелдер туындайды. Криптовалюталардың жабық жұмыс принципі, ақпараттың жеткіліксіз ашылуы және транзакциялардың жылдамдығы аудитор үшін қосымша қиындықтар туғызады. Сондықтан халықаралық ұйымдар тарапынан қадағалау талаптары күшейтіліп, жаңа нормалар енгізілуде [1]. Сонымен бірге, киберқауіпсіздік мәселесі криптобиржалар үшін аса маңызды, себебі жүйеге жасалған кез келген шабуыл астарында миллиардтаған қаражаттың жоғалу қаупі бар. Бұл өз кезегінде аудиттің жаңа әдістерін қажет етеді [2].

Зерттеудің мақсаты— криптовалюталық биржалардың аудитінде туындайтын тәуекелдердің мәнін анықтау, олардың себептерін жүйелі түрде талдау және осы тәуекелдерді төмендетуге бағытталған халықаралық қадағалау талаптарының қазіргі өзгерістерін зерделеу.

Зерттеу әдістері. Зерттеуді жүргізу барысында келесі әдістер қолданылды:

1. Теориялық талдау – Криптовалюталық биржалардың қызметіне және аудит мәселелеріне қатысты ғылыми еңбектер, халықаралық нормативтік құжаттар, құқықтық актілер және ресми есептер қарастырылып, теориялық түсініктер жүйелендірілді.

2. Салыстырмалы талдау әдісі-Халықаралық ұйымдардың (FATF, IOSCO, Еуропалық Одақ) криптовалюталық платформаларды реттеуге бағытталған талаптары салыстырылып, олардың ортақ және ерекше тұстары анықталды.

3. Жүйелеу және жіктеу әдісі-Криптовалюталар аудитінде кездесетін тәуекелдер топтастырылып, олардың мәні, әсер ету деңгейі және аудит процесіндегі орны анықталды.

Қазіргі цифрлық экономикада криптовалюталар жаһандық қаржы жүйесінің маңызды бөлігіне айналып келеді. Криптовалюталық биржалар дәстүрлі қаржы нарықтарымен қатар жұмыс істеп, миллиардтаған долларлық транзакцияларды орындайды. Дегенмен, цифрлық активтерді қолдану деңгейінің өсуі жаңа қауіптер мен тәуекелдерді туындатып, реттеушілер тарапынан қатаң бақылау қажеттілігін күшейтуде.

Криптовалюталық биржалардың ерекшелігі — олардың толықтай электронды кеңістікте жұмыс істейтіндігі және дәстүрлі банктер мен қаржылық ұйымдардағыдай орталықтандырылған бақылау механизмдерінің болмауы. Осыған байланысты бұл нарықтағы операциялар жылдам, ауқымды және халықаралық деңгейде жүзеге асады. Мұндай жағдайларда қаржының шынайылығы, активтердің нақты бар-жоғын растау, ішкі бақылаудың тиімділігі және қауіпсіздік деңгейі аудитор үшін басты зерттеу нысанына айналады. Дәстүрлі қаржы ұйымдары үшін қалыптасқан аудит талаптары криптобиржалар үшін жеткіліксіз, себебі олардың қызметі мүлде өзгеше технологияларға негізделген.

Криптовалюталық активтердің бағасы өте құбылмалы, ал олардың сақталуы, пайдаланылуы және есепке алынуы да күрделі. Осы ерекшеліктер криптобиржалар аудитінде тәуекелдердің артуына алып келеді. Мәселен, цифрлық активтердің шынайылығын растау дәстүрлі бухгалтерлік есеп құралдарымен шектелмейді, себебі активтер физикалық түрде жоқ, тек электрондық жазба түрінде ғана болады. Сонымен бірге, киберқауіпсіздік мәселесі криптобиржалар үшін аса маңызды, себебі жүйеге жасалған кез келген шабуыл астарында миллиардтаған қаражаттың жоғалу қаупі бар. Бұл өз кезегінде аудиттің жаңа әдістерін қажет етеді [2].

Сонымен қатар, криптовалюталар кей жағдайда заңсыз әрекеттерді жасыру құралы ретінде қолданылып, халықаралық деңгейде қауіп тудыруы мүмкін. Осы себепті халықаралық ұйымдар криптовалюталық қызметтерді бақылауды күшейтіп, қатаң талаптар енгізуде. Мысалы, Қаржылық шаралар тобы (FATF) криптовалюталық платформаларға клиенттерді нақты сәйкестендіру, күдікті операцияларды тіркеу және есеп беру міндетін қойды. Ал Еуропалық Одақтың жаңадан енгізілген MiCA регламенті криптобиржалардың қызметін

лицензиялау, тәуекелдерді басқару, клиент активтерін қорғау және аудит жүргізу бойынша жаңа міндеттемелер бекітті [3]. Бұл өзгерістер криптовалюталық биржалар аудитін халықаралық деңгейде жүйелендіруге бағытталған.

Криптовалюталық биржалар электронды жүйелер арқылы жұмыс істейтіндіктен, олардағы ең маңызды тәуекелдердің бірі – ақпараттық қауіпсіздік деңгейінің жеткіліксіздігі. Шынайы өмірде орын алған бірнеше ірі оқиғалар бұл қатердің қаншалықты үлкен екенін дәлелдейді. Мысалы, 2014 жылы Mt.Gox биржасынан 850 000 биткоин ұрлануы әлемдік қаржы тарихындағы ең ірі кибершабуылдардың бірі болып есептеледі. Бұл оқиға биржаның күйреуіне, жүздеген мың пайдаланушының қаражатын жоғалтуына және криптоарыққа деген сенімнің төмендеуіне алып келді [4]. Тергеу барысында биржада қауіпсіздік жүйесінің ескі болғаны, транзакцияларды бақылау әлсіздігі және ішкі аудиттің мүлдем жүргізілмегені анықталды.

2022 жылы FTX биржасының банкротқа ұшырауы да ақпараттық және қаржылық бақылаудың әлсіздігін көрсетті. Компания басшылығы клиенттердің активтерін өз қажеттілігіне пайдаланған, ал ішкі аудит іс жүзінде болмағаны белгілі болды. FTX құлаған сәтте оның шамамен 8 миллиард доллар клиент қаражаты жоғалды [5].

Халықаралық қадағалаудың жаңа талаптары оның ішінде FATF талаптарын айтсақ, криптовалюталар кейбір жағдайларда қылмыстық кірістерді жасыру құралы ретінде пайдаланылып келеді. Осы себепті халықаралық ұйымдар бұл салаға қатысты талаптарды жылдан жылға күшейтіп отыр. FATF (Қаржы мониторингі тобы) ресми есебіне сәйкес, 2023 жылы криптовалюталар арқылы жасалған заңсыз қаржы айналымының көлемі 20 млрд доллардан асқан [6]. Бұл қаражат көбіне қауіпті транзакциялар, жасырын төлемдер немесе терроризмді қаржыландыру бағыттарында пайдаланылған.

Халықаралық қаржылық бақылау ұйымы – Қаржылық шаралар тобы (FATF) криптовалюталық платформаларды қатаң бақылауға алуды көздейді. FATF 2023 жылы жариялаған «Цифрлық активтерге тәуекелге негізделген тәсіл» нұсқаулығында криптобиржаларға келесі негізгі міндеттер жүктелген:

1. Клиентті сәйкестендіру-Биржалар барлық клиенттің нақты деректерін тіркеп, олардың заңды тұлға немесе жеке адам екенін растауға міндетті. Бұл талап күдікті операцияларды анықтау үшін өте маңызды. Мысалы, 2022 жылы бір ірі криптобиржадағы қаражаттың заңсыз қозғалысы тек клиенттің толық сәйкестендірілмеуі салдарынан анықталмаған [6].

2. Күдікті операцияларды тіркеу және есеп беру-FATF әрбір криптобиржаға күдікті транзакцияларды арнайы құжатқа тіркеп, қаржы бақылау органдарына уақытылы хабарлауды міндеттейді. 2021 жылы бір халықаралық биржаға байланысты жүргізілген тексеріс кезінде, тіркелмеген транзакциялар арқылы 50 млн АҚШ долларына жуық қаражат заңсыз аударылғаны анықталған [6].

3. Ірі көлемдегі ақша қозғалысын бақылау-Биржалар әрбір ірі транзакцияны бақылап, оның қайдан келгенін және қайда бағытталғанын нақты көрсетуге тиіс. Бұл талап қаржы жүйесіндегі заңсыз әрекеттерді алдын-ала болдырмауға көмектеседі.

4. Заңсыз қаржы әрекеттерін алдын алу жүйесін енгізу-Криптобиржалар өз қызметінде заңсыз әрекеттерді болдырмау үшін автоматтандырылған жүйелер мен аудит құралдарын қолдануға тиіс. Бұл жүйелер арқылы бір күн ішінде жүздеген мың операция талданып, күдікті әрекеттер дереу анықталады.

Осы талаптар криптобиржалардың аудитінде маңызды рөл атқарады. Аудиторлар FATF ұсынымдарын негізге ала отырып, тек қаржылық есепті тексерумен шектелмей, ақпараттық қауіпсіздік, тәуекелдерді басқару және клиент активтерін қорғау жүйелерін толық талдайды.

Келесі IOSCO талаптары: IOSCO (Халықаралық бағалы қағаздар ұйымы) криптовалюталық биржаларды бағалы қағаздар нарығына ұқсас реттеуді ұсынады. Бұл реттеу бірнеше негізгі бағытты қамтиды:

1. Активтердің шынайылығын растау-Биржада көрсетілген барлық активтер нақты бар екені дәлелденуі тиіс. Аудиторлар үшін бұл әр клиенттің активі тіркелген сандық әмияндармен сәйкестігін тексеру арқылы жүзеге асады. Мысалы, 2022 жылы бір ірі халықаралық криптобиржа аудиті барысында клиент активтерінің нақты бар екендігі тексерілгенде 3% сәйкессіздік анықталған, бұл IOSCO ұсынымдарына сәйкес түзетілген [7].

2. Клиент қаражатын бөлек сақтау-Биржалар өз қаражатын және клиенттердің қаражатын бөлек есептеуге міндетті. Бұл талап клиенттердің қаражатын биржаның өз шығындарына пайдаланудан қорғауға бағытталған.

IOSCO нұсқауларына сәйкес, әрбір биржа жыл сайын сыртқы аудиттен өтіп, клиент активтерінің сақталуын дәлелдеуі тиіс.

3. Ішкі бақылауды күшейту-Биржадағы қаржылық операциялар мен басқару шешімдеріне тәуекелді бағалау және бақылау жүйесі енгізілуі керек. Қызметкерлердің өкілеттілігін шектеу, транзакцияларды тексеру және киберқауіпсіздік шараларын бақылау міндетті [7].

Еуропалық Одақтың MiCA регламенті (Markets in Crypto-Assets Regulation) – Еуропалық Одақта 2024 жылы күшіне енген криптовалюталық нарықты реттеу жөніндегі заңнамалық акт. Бұл регламент криптовалюталық платформаларды лицензиялау, қадағалау және аудит жүргізу бойынша жаңа, қатаң талаптарды енгізеді.

MiCA регламентінің негізгі ерекшеліктері лицензиялау міндеті-Барлық криптобиржалар өз қызметін заңды түрде жүргізу үшін міндетті түрде лицензия алуға тиіс. Лицензия алғаннан кейін ғана биржалар клиенттерге қызмет көрсете алады. Клиент активтерін бөлек сақтау-Биржалар клиенттердің қаражатын өз қаражатынан бөлек, арнайы қорларда сақтау қажет. Бұл талап клиент қаражатының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және биржа банкрот болған жағдайда клиенттер активтерін жоғалтпайды. Нарықтық манипуляцияны болдырмау-MiCA регламенті криптовалюталық нарықта жасанды бағаның көтеріліп-түсуін немесе манипуляцияны болдырмауды көздейді.

Нақты мысал: 2023 жылы Еуропадағы бір криптобиржа MiCA талаптарына сай лицензия алмағаны үшін қызметін тоқтатып, клиенттер қаражаты арнайы қорларға көшірілді. Бұл оқиға регламенттің клиент мүддесін қорғаудағы тиімділігін көрсетті [8]. Криптовалюталық биржалардың аудиті қазіргі заманғы қаржы жүйесінде ерекше маңызға ие және күрделі сала болып табылады. Зерттеу барысында анықталғандай, криптобиржалардың ерекшеліктері – олардың толықтай цифрлық ортада жұмыс істеуі, активтердің физикалық болмауы, транзакциялардың халықаралық және жылдам сипаты – аудит процесін күрделендіріп, жаңа тәуекелдер тудырады.

Аудит барысында ең басты назар аударылатын тәуекелдер мыналар болып табылады: ақпараттық қауіпсіздік қатері, қаржылық есептің бұрмалану ықтималдығы, заңсыз операциялар тәуекелі және ішкі бақылау жүйесінің әлсіздігі. Бұл тәуекелдер тек бір ғана елде емес, халықаралық деңгейде қаржы жүйесінің тұрақтылығына әсер етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, FATF, IOSCO және Еуропалық Одақтың MiCA регламенті сияқты ұйымдардың енгізген талаптары криптобиржалардың ашықтығын арттыруға, клиенттердің активтерін қорғауға және тәуекелдерді азайтуға бағытталған. Осы талаптардың орындалуы криптобиржалар аудитінің сапасын арттырады және цифрлық активтер нарығында сенімділік деңгейін жоғарылатады. Сонымен қатар, аудиттің рөлі тек қаржылық есепті тексерумен шектелмей, ақпараттық қауіпсіздікті бағалау, тәуекелдерді басқару және халықаралық нормаларға сәйкестікке бақылау жүргізуді қамтиды. Қорытындылай келе, криптовалюталық биржалар аудитінің тиімділігі олардың тұрақтылығы мен сенімділігін арттыруға, қаржы жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуге және инвесторлар мен клиенттердің мүдделерін қорғауға тікелей ықпал етеді. Сондықтан бұл саладағы аудиттің маңызы арта түседі, ал халықаралық қадағалау талаптарына сәйкестік заманауи қаржы нарығының тұрақтылығы үшін шешуші фактор болып табылады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сүлейменов А. Цифрлық активтер нарығын реттеу мәселелері.
2. Bloomberg. Mt.Gox және FTX криптобиржаларындағы ірі хакерлік шабуылдар талдауы.
3. Еуропалық Одақ. MiCA регламенті — криптобиржаларды лицензиялау және қадағалау.
4. FATF (Financial Action Task Force). Guidance for a Risk-Based Approach to Virtual Assets and Virtual Asset Service Providers.
5. FTX Bankruptcy Court Documents. U.S. Federal Court, 2023.
6. FATF. Virtual Assets Risk Assessment Report, 2023.
7. IOSCO. Policy Recommendations for Crypto-Asset Trading Platforms. 2023.
8. European Union. Regulation on Markets in Crypto-Assets (MiCA). Official Journal of the European Union, 2024.